Қазір қазақстандық жалпы білім беру ұйымдары бұл үрдісті мектепке қабылдау сынақтарымен қатар алып жүр. Атап айтқанда, баланың мектепке даярлық деңгейіне қарап, білім беру мекемесі және оқу сыныптарына бөлу жүзеге асырылады. Кей жағдайларда білім беру ұйымының бейініне баланың қабілеттерінің сәйкестігі де қарастырылады. Осы үрдістердің барлығы ата-аналардың қатысуымен өтетіндіктен, олардан белгілі бір жауапкершілікті қажет етеді. Бұл – уақыт, қатынас және қаржы шығындарымен өлшенетін фактор болғандықтан, ата-аналар қосымша ресурстар жұмсайды. Дегенмен, осы үрдісті ата-аналардың жауапкершілігін сақтай отырып, шығынсыз ұйымдастыруға болады. Ол үшін мектепке дейінгі ұйымдарға сандық диагностиканы жаппай ендіруді қолға алу ұсынылады. Бұл үрдіс – балалардың мектепке даярлығын анықтауды оларға үйреншікті ортада, қалыпты жағдайда жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жоғарыда аталған факторлармен қатар, оның тиімділігі әсіресе мынада: психологиялық-педагогикалық диагностика үрдісінде жіберілуі мүмкін қатер-тәуекелдер мен кездейсоқтықтардың баланың жеке көрсеткіштері және жалпы нәтижелерге әсерін барынша азайту. Ол тексеру сынақтарын бір немесе бірнеше рет қайталап өткізу мүмкіндігімен сипатталады. Мұндай сынақтар мектеп тәжірибесінің дәстүрлі форматында, ұйымдастырушылар үшін аса тиімсіз болғанымен, бала бақшалардың педагогикалық үрдісінде артық қолайсыздық тудырмайды. Өйткені, мектепке дейінгі кезеңде ұйымдастырылатын іс-әрекеттер саны аптасына 20 сағатты құрайды және олардың барлығы балаларда мектептегі оқуға қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталады. Осы орайда балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін, отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру маңызды басымдыққа ие бола отырып, ата-аналардың үрдіске қатысу үлесінің жаңа мазмұнын ашады (Ovechkina, 2021).

Әдеби шолу. Балалардың мектепке психологиялық-педагогикалық даярлығын диагностикалау үрдісі мектеп өмірінде де, отбасылық өмірде де аса маңызды құбылыстардың бірі. Мектеп үшін балалардың қабілеттерін білу – оқыту әдістемелерін әзірлеу, сыныптарды жасақтау, мұғалімдерге бөлу сынды көкейтесті міндеттерді анықтаумен шарттасады. Ата-аналар үшін, перзенттерін өздері таңдаған білім беру ұйымына орналастыру маңызды. Ол екі маңызды себеппен ажыратылады: біріншіден баланың дамып, қалыптасуына қажетті оқу-тәрбие үрдісінің сапасы болса, екіншіден перзентін тасымалдауға байланысты әлеуметтік фактор – отбасының тұратын жері, ата-аналардың жұмыс орны және баланы оқытатын мекеменің қолайлы болуы; түптеп келгенде уақыт факторына деген тәуелділік. Аталған жағдайлар баланы мектепке анықтау кезеңі жақындаған сайын, ата-ананы аз абыржытпайды. Мектепке даярлық диагностикасы білім беру ұйымына да едәуір жүктемелер артады. Балалардың мектепке даярлығының психологиялық-педагогикалық

диагностикасы кешенді тексерулерден тұратын ауқымды үрдіс (Ospanbaeva, 2009).

Ойын әрекеті, ойыншықтар, суретті ресурстар т.б. көмекші материалдарды пайдалану арқылы жүргізілетін диагностикалық процедуралар жөрегінен гаджетке үйренген қазіргі балалардың қызығушылықтарын ұзақ уақыт бойы ұстап тұра алмайды. Бұл, өз кезегінде, сыналушылардың зейіндерін белгілі бір нысандарға шоғырландыру жоспарларының жүзеге аспай қалулары себепті, тексеру үрдісін кейінге шегеру немесе қайта тексеру тағайындау сынды ата-аналарға да, білім беру ұйымдарының педагог-психологтарына да қолайсыз жағдайлардың орын алуына әкеп соғады. Алдын-ала әзірленіп, бекітілген қабылдау кестесі шеңберінде жүзеге асырылатын диагностикалық процедура кезектілік және уақыт факторларымен шарттасатындықтан, аса икемді бола бермейді. Заманауи өзгерістер сипатының салдары ретіндегі осындай ерекшеліктер үрдіс форматын қайта қарастыру қажеттілігін тудырды. Балалардың мектепке даярлығының психологиялық-педагогикалық диагностикасын сандық форматқа ауыстыру өзектілігі аталған әлеуметтік және педагогикалық шарттармен сипатталады (Nestik, 2017).

Заманауи парадигмалар шеңберінде, мектепке даярлықты диагностикалау үрдісін сандық форматқа ауыстырудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін зерттеуді мақсат тұтқан осы еңбектің жұмысшы болжамы: мектепке даярлықты анықтайтын әдістемелерді жинақтау, олардың арасынан сандық форматта қолдану тиімділігі жоғары тестік батареяларды іріктеу және диагностикалық құралдарды онлайн-қолдануға бейімдеу арқылы, балалардың мектепке даярлық деңгейлерін психологиялық-педагогикалық диагностикалау үрдісін сандық форматта жүзеге асыру мүмкіндігін негіздеу. Зерттеу бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстар М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Педагогикалық психология кафедрасында орындалды; эксперименттік зерттеулер Жамбыл облысы және Тараз қаласының бастауыш білім беру ұйымдарының мектепалды даярлық сыныптарында өткізілді.

Балалардың мектепке даярлық деңгейін анықтау үрдісін сандық форматқа ауыстыруды зерттеу үшін, диагностикалық құралдар кешені, онлайн-тексеру мүмкіндіктері және әдістемелерді платформаға ендіру тиімділігі мәселелері қарастырылды. Мектепке даярлық диагностикасының құралдарын іріктеу үрдісінде келесі шарттар негізге алынды: болашақ оқушының ішкі жағдайы – қажеттілік-ынталану ерекшелігін анықтау (Eshmuratova, 2023), танымдық-когнитивті салалары – қабылдау, есте сақтау, логикалық ойлаудың даму деңгейін өлшеу (Gokhan and Sezai, 2014), ырықты зейін – назарын шоғырландыра алу қабілетін зерттеу (Papadopoulos and Das, 2002), кеңістікті бағдарлау, сенсомоторлық үйлесім және және қол саусақтарының нәзік қимылдары – моториканың даму ерекшелігін өлшеу (Zaporozhecz, 2000), сондай-ақ сөйлеу – коммуникативті қабілеттерінің даму деңгейін бақылау (Lisina, 2009). Аталған шарттар бойынша балалардың мектепке даярлығының диагностикалық құралдары іріктелді.

Д. Блум және Х. Холдингтің психологиядағы шекараларды зерттеуге бағытталған «Імас пакетімен фигуралық ұқсастықтарды автоматты түрде генерациялау» еңбегінде тест тапсырмаларын автоматты түрде құрудың инновациялық әдістері ұсынылды. Стандартты тапсырмаларды жасау, әдетте жұмысбастылық және уақыт шығыны сынды бірқатар ресурстарды қажет ететінін, солай бола тұра кемшіліктерден де ада еместігін алға тарта отырып, компьютерлік бағдарлама көмегімен, автоматты түрде тақырыптық тапсырмалар жасауды зерттеген авторлар, олардың психометриялық күрделілігін болжауды бағалау үрдісіне басымдық берді. Бұл – салыстырмалы түрде жаңа аймақ болғанымен, қарқынды түрде дамып келе жатқан, болашағы зор әлеуетті сала. Тәжірибені қазақстандық білім беру жүйесіне көшіру, оның ішінде балалардың мектепке даярлығын диагностикалау үрдісінде қолдану – жаңа авторлық-сандық өнімдердің пайда болуымен қатар, қағазбастылықтан арылып, еңбек өнімділігінің артуына едәуір ықпал ететін еді; ал ең бастысы – қызметті қолданушыларға аса қолайлы әрі дәлдігі жоғары өлшеу құралы болар еді. Авторлардың анықтауынша, интернетте қолжетімді I-Mak пакеті арқылы қазірдің өзінде бірнеше маңызды жаңалықтар ашылған (Blum and Holling, 2018).

У. Ревеллдің тұлғаны зерттеу әдістеріне арналған еңбегінде «бастапқыда жеке тұлғаны, психометриялық теорияны және эксперименттік психологияны зерттеуге арналған жалпы мақсаттағы құралдар жиынтығы құрылып, функциялар негізінен факторлық талдау, негізгі компоненттерді талдау, кластерлік талдау және сенімділікті талдау арқылы көпөлшемді талдау мен масштабты құруға бағытталды» делінеді. Осы зерттеуде «сұрақтарға жауап беру теориясы» факторлық талдау арқылы жүзеге асырылатыны және бірнеше деңгейдегі деректерді талдауға арналған функцияларға топшілік және топаралық статистикалар, соның ішінде корреляция және факторлық талдау кіретіні негізделген. Біздің назарымызды аударған осы тұжырым, мектепке даярлық диагностикасы құрылымындағы логикалық ойлаудың даму деңгейін өлшеу негізі болып табылатын ауызша-сауалнама тапсырмаларының нәтижелерін өңдеуге таптырмас үлгі болатыны болжанды: компьютерлік зерттеудің негізгі алгоритмдерін, сондай-ақ нақты элементтер мен сынақ құрылымдарын модельдеу және тестілеу функцияларын қолдана отырып, жасалатын шкалаларды тексеру және қайта тексеру қолайлы интерфейс және пайдалы графикалық карта ретінде қызмет ететін-ді (Revell, 2017).

Зерттеу материалдары мен әдістері. Тәжірибеде кеңінен қолданылып жүрген валидтілігі жоғары «4-артық», «Графикалық диктант», «Керн-Йирасек тесті», «Дыбысты жасырынбақ», «Нежнованың стандартты сұхбаты тесті», «Корректорлық байқау тесті», «Балпалдақтар тесті», «Коммуникативті қабілеттің дамуы сауалнамасы» әдістемелері таңдалынды. Барлық әдістемелердің ана тіліне аударылып, бейімделген нұсқалары зерттеу алаңдарының педагог-психологтарының арсеналында бар әрі қолданыстағы

құралдар болғандықтан, олардың тиімділіктері құжаттамалық тексеру арқылы анықталды.

Балалардың мектепке даярлық деңгейін анықтау үрдісін онлайн-тексеру мүмкіндігі «Ата-аналардың мектепке даярлық диагностикасын сандық форматта ұйымдастыруға қатынасын анықтау» сұхбаты арқылы жүргізілді. Сынаққа үш білім беру ұйымынан қатысқан ата-аналарға ауызша үш сауал қойылды және барлық респонденттердің жауаптары тіркелді.

Тестік батареяларды сандық форматта қолдану үшін ZOOM-платформасы және WhatsApp мессенджерінде бейнебайланыс көмегімен онлайн-сынақтар ұйымдастыру тәжірибелерін жүргізу жоспарланды. Әдістемелердің сандық форматтағы тиімділігін «I-psychodiagnosics.kz» Smart-платформасында тексеру үшін онлайн-диагностикаға арналған материалдар зерделенді. Білім беру саласының сандық-психологиялық өлшеулер бағытындағы зерттеулерге шолу жасалды. Мәселен, оқушылардың танымдық салаларын компьютерлік диагностика арқылы өлшеу үрдісін зерттеген Д.С. Гнедых еңбегінде оның артықшылықтары мен шектеулері компьютерлік бағдарламалардың интерфейсі, қолдану ерекшеліктері, деректерді өңдеу, нәтижелерді түсіндіру және кері байланыс тұрғысынан талданды. Автор қашықтықтан ұйымдастыруды көздейтін компьютерлік диагностикалық құралдар жасаушыларға арналған жалпы ұсыныстарды тұжырымдау барысында, әдістеме нұсқаулықтарының барынша түсінікті, нақты және анық болуын қатаң сақтаумен қатар, тест тапсырмаларындағы графикаларды бейнелеу кезінде аса мұқият болуды, қате жіберілмеуін пысықтады (Gnedy`h, 2019).

Зерттеу нәтижелері. Мектепке даярлық диагностикасын сандық форматқа ауыстыру үрдісі зерттеу болжамына сәйкес жүзеге асырылды. Тестік батареяларды іріктеу және диагностикалық құралдарды онлайн-қолдануға бейімдеу нәтижесінде, олардың мектепке даярлық деңгейін психологиялық-педагогикалық диагностикалауды сандық форматта жүзеге асыру мүмкіндігін негіздеу жұмыстары М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде орындалды. Зерттеу үш кезеңді қамтыды; алғашқы кезеңде мектепке даярлық диагностикасының құралдарын іріктеу және олардың тиімділігін тексеру эксперименттері жүргізілді. Зерттеудің практикалық аспектілеріне Педагогикалық психология кафедрасы әзірлейтін 6В01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының III курс студенттері тартылды. Олар педагогикалық практика тапсырмаларына орай, балалардың мектепке даярлықтарының деңгейін диагностикалау құралдарын іріктеуді және өлшеу-тексеру процедураларын жүргізуді орындады. Студенттердің практикаларына жетекшілік жасаған әдіскерлер (мақала авторлары) зерттеулердің дәйектілігін бақылап, қажет тұстарына үрдіс барысында тиісті түзетулер енгізіп отырды. Эксперимент базалары университеттің педагогикалық практиканы ұйымдастыру бұйрығына сәйкес анықталды. Зерттеуге Жамбыл облысының бір, Тараз қаласының екі, барлығы үш білім беру ұйымдарының мектепалды сыныптарынан 131 бала тартылды. Әдістемелерді іріктеу процедурасын

оңтайландыру мақсатында, өндіріс базаларындағы педагог-психологтардың қолданысындағы диагностикалық құралдары зерделенді. Олардың тиімділіктері құжаттамалық тексеру арқылы анықталды. Қойылатын талаптар – біріншіден, барлық әдістемелердің ана тіліне аударылған толық нұсқаларының болуы; екіншіден, қазақы орта танымына сәйкестендіріліп, бейімделгендігі; үшіншіден, олардың соңғы екі жылда жүргізілген диагностикалық процедуралардың хаттамаларында толық көрініс табуы. Педагог-психологтар мен практиканттардың бір апталық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, мектепке даярлық деңгейін анықтаудың келесі әдістемелері іріктелді: «Керн-Йирасек тесті», «Графикалық диктант», «4-артық», «Балпалдақтар тесті», «Корректорлық байқау тесті», «Дыбысты жасырынбақ», «Коммуникативті қабілеттің дамуы сауалнамасы» және «Нежнованың стандартты сұхбаты тесті». Барлық әдістемелердің материалдары толық, бейімделген нұсқалары бар және 2023, 2024-жылғы диагностикалық тексеру қорытындылары хаттамаланған. Анықталған көрсеткіштер негізінде, тиімділігі жоғары деп танылған әдістемелерді, сандық форматта ұйымдастыруға әзірлік жұмыстары ата-аналармен одақтастықта жүзеге асырылды.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша психологиялық-педагогикалық диагностика оқушылардың өсу нүктесін анықтайтын міндетті мониторингтік құрал болса, онлайн-диагностика заманауи білім берудің ажырамас бөлігі. Мектепке барып, оқушы атанатын баланың когнитивтік даму деңгейін талдау, зейін қасиеттерінің ерекшеліктері мен оқуға ынтасының көлемін анықтау, жеке психологиялық жағдайын оңтайлы бағалау сынды өлшеу процедураларын қашықтықтан, онлайн ұйымдастыру жағдайында анағұрлым тиімді болатыны зерттеулерден белгілі. Мәселен, виртуалды білім беру кеңістігіндегі психологиялық диагностика ерекшеліктері туралы зерттеуде, оның мүмкіндіктерін автоматтандыруға, нәтижелерді кеңінен таратуға және оқу іс-әрекетінің әр субъектісіне қолжетімді етуге мүмкіндік беретіні тұжырымдалады (Kalajkova, 2020).

Мектепке даярлық деңгейін диагностикалау үрдісін қашықтықтан ұйымдастырудың тиімділігі сыналусылардың ата-аналарымен сұхбат барысында анықталды. Сұхбатқа 117 ата-ана қатысты. Оларға «Сіз үшін баланың мектепке даярлығын тестілеуді дәстүрлі түрде ұйымдастыру ыңғайлы ма?», «Мектепке даярлық деңгейін қашықтықтан анықтауды қаншалықты дұрыс санайсыз?», «Сіз перзентіңіздің мектепке даярлық деңгейін онлайн-диагностикалауды тандар ма едіңіз?» сауалдары қойылды. Сұхбат нәтижесі ата-аналардың басым көпшілігінің мектепке даярлықты диагностикалауды қашықтықтан ұйымдастыруды құптайтынын көрсетті. Мәселен, мектепке даярлықты тестілеуді дәстүрлі түрде ұйымдастыруға 28 ата-ана құптау білдірген, бұл респонденттердің 24 пайызға жуығын қамтиды; 54 ата-ана оған қарсылық танытқан, бұл жалпы жиынның 46 пайызын құрайды; 19 ата-ана қай формада ұйымдастырылса да, асқан бір айырмашылықтың болмайтынын хабарлады және мұндай жауаптар пайызға шаққанда 16-ны көрсетті; жауап

беруге қиналған 16 сыналушының пайыздық көрсеткіші 14-ке жуық. Ал, мектепке даярлық деңгейін қашықтықтан анықтауды 59 ата-ана дұрыс деп санаған (50,4 %), 19 адам айырмашылықтың жоқтығын алдыға тартқан (16,2 %), 26 кісі қарсылық білдірген (22,2 %), 13 адам жауап беруге қиналған (11,1 %). Өз перзентінің мектепке даярлық деңгейін онлайн-диагностикалауға 71 ата-ана құлықты болса (60,6 %); 26 ата-ана қарсылық танытқан (22,2 %); 11 кісі қандай форматта ұйымдастырылса да, баласының дайындығына сенімді екенін білдірген (9,4 %); 9 адам жауап беруге қиналған (7,6 %). Сыналушылардың ата-аналарының мектепке даярлық диагностикасын сандық форматта ұйымдастыруға қатынастарын анықтау сұхбатының нәтижесі 1-кестеде берілді (1-кесте).

Кесте 1 – Ата-аналардың мектепке даярлық диагностикасын сандық форматта ұйымдастыруға қатынасын анықтау сұхбатының нәтижесі

Сұхбат мазмұны	Жауап нұсқалары			
	Құптау білдіру	Айырмашылықтың болмауы	Қарсылық таныту	Жауап беруге қиналу
Сіз үшін баланың мектепке даярлығын тестілеуді дәстүрлі түрде ұйымдастыру ыңғайлы ма?	28/23,9%	19/16,2%	54/46,1%	16/13,6%
Мектепке даярлық деңгейін қашықтықтан анықтауды қаншалықты дұрыс санайсыз?	59/50,4%	19/16,2%	26/22,2%	13/11,1%
Сіз перзентіңіздің мектепке даярлық деңгейін онлайн-диагностикалауды таңдар ма едіңіз?	71/60,6%	11/9,4%	26/22,2%	9/7,6%

Үш сауал аясында алынған жауап нәтижелерінің орташа мәнін шығару барысында, қорытынды есептеу адам санымен анықталатындықтан, бөлшек сандар бүтінге айналдырылды. Мәліметтерді сандық талдау келесі нәтижені көрсетті: мектепке даярлық диагностикасын сандық форматта ұйымдастыруға әзір және оны құптайтындар – 61 (52 %); қарсылық білдіргендер – 27 (23 %); айырмашылығы жоқ екенін көрсеткендер – 16 (14 %); жауап беруге қиналғандар – 13 (11 %).

Сұхбат барысында мектепке даярлықты онлайн-диагностикалауды таңдаған 71 ата-анадан тестілеуді қандай форматта ұйымдастыру ыңғайлы екені анықталды. Олардың 59-ы ZOOM-платформасындағы диагностиканы қолайлы деп таныды және 12 ата-ана WhatsApp мессенджеріндегі бейнебайланыс арқылы тестілеуді құп көрді. Сонымен, ата-аналардың қалауы мен белсенділік деңгейлеріне қарай, онлайн-диагностикаға 3 білім беру ұйымының 5 мектепалды сыныбындағы 131 баладан 71 бала қатысты.

ZOOM-платформасындағы диагностиканы жүргізу және нәтижелерді өңдеу іс-шаралары 2 апта мерзімінде, WhatsApp мессенджеріндегі бейнебайланыс арқылы тестілеу 2 апта көлемінде, барлығы 4 аптада жүзеге асырылды. Білім беру ұйымдарының педагог-психологтары және студент-

практиканттардың көмегімен жүргізілген онлайн-диагностика барысында балалардың мектепке даярлық деңгейлері «Керн-Йирасек тесті», «Графикалық диктант», «4-артық», «Балпалдақтар тесті», «Корректуралық байқау тесті», «Дыбысты жасырынбақ», «Коммуникативті қабілеттің дамуы сауалнамасы» және «Нежнованың стандартты сұхбаты тесті» әдістемелері арқылы өлшенді. Кешенді диагностика нәтижесі бойынша 19 баланың мектепке даярлық деңгейі жоғары деп танылды (26,7%); 24 сыналушының даярлығы ортадан жоғары (33,8%), 25 баланың дайындығы орташа (35,2%) және 3 сыналушының мектепке дайындық деңгейі ортадан төмен екені анықталды (4,2%). Зерттеу нәтижесі бойынша сыналушылардың 95 пайызынан артығының (95,7) мектепке дайындық деңгейінің жақсы екені 2-кестеде бейнеленді (2-кесте).

2-кестедегі нәтижелер өте жоғары көрсеткіш болып табылады. Себебі – зерттеуге 131 баланың барлығы бірдей қатыспауы салдарынан. Егер онлайн-диагностикаға қатыспаған 63 балаға төмен деңгейді көрсеткен 3 баланы қосып есептесе, онда сыналушылардың тең жартысынан сәл ғана астамының мектепке дайындық деңгейі жоғары (68) екені анықталады. Дегенмен, зерттеу мақсаты мектепке даярлықты диагностикалау үрдісін сандық форматқа ауыстыру болғандықтан, бұл зерттеуде балалардың дайындық деңгейіне басымдық берілмейді.

Кесте 2 – Балалардың мектепке даярлық деңгейін онлайн-диагностикалау нәтижесі

Диагностикалық құралдар	Мектепке даярлық деңгейлері			
	Жоғары	Ортадан жоғары	Орташа	Ортадан төмен
Керн-Йирасек тесті	18/25,3%	24/33,8%	25/35,2%	4/5,6%
Графикалық диктант	17/23,9%	22/30,9%	26/36,6%	6/8,4%
4-артық	21/29,5%	21/29,5%	26/36,6%	3/4,2%
Балпалдақтар тесті	20/28,1%	25/35,2%	24/33,8%	2/2,8%
Корректуралық байқау тесті	19/26,7%	24/33,8%	26/36,6%	2/2,8%
Дыбысты жасырынбақ	20/28,1%	25/35,2%	23/32,3%	3/4,2%
Коммуникативті қабілеттің дамуы сауалнамасы	19/26,7%	26/36,6%	25/35,2%	1/1,4%
Нежнованың стандартты сұхбаты тесті	21/29,5%	26/36,6%	23/32,3%	1/1,4%
Орташа мән	19/26,7%	24/33,8%	25/35,2%	3/4,2%

Берілген мәселе бойынша зерттеудің екінші кезеңінде әдістемелердің сандық форматтағы тиімділігі анықталды. Ол үшін ZOOM-платформасындағы онлайн-диагностика және WhatsApp мессенджеріндегі бейнебайланыс-тестілеу кезінде пайдаланылған әдістемелерді қашықтықтан қолдану оңтайлылығы бағаланды. Үш эксперимент алаңындағы 6 педагог-психолог және 6 студент-практикант балалардың мектепке даярлық деңгейлерін кешенді диагностикалау үрдісінде пайдаланылған әдістемелердің онлайн-қолдану қолайлылығын 4 баллдық жүйеде шкалалады: «4 – өте оңтайлы», «3 – қолдануға қолайлы», «2 – пайдалануға жарамды», «1 – сандық форматта

қолдануға қолайсыз». Зерттеу нәтижесі «Сараптық баға» әдістемесінің тетігі арқылы есептелді: алғашқы кезекте барлық 12 сарапшының әр әдістемеге берген бағасы тіркелді; екінші кезекте сарапшылар бір-бірінің шкалаларын бағалады; үшінші кезекте эксперименттің ғылыми жетекшілері сарапшылардың әдістемелерді шкалауларын бағалады; төртінші кезекте барлық 3 бағаның орташа мәні анықталып, әдістеменің объективті бағасы ретінде тіркелді. 3-кестеде сарапшылардың шкала бойынша бағалаулары пайызбен берілді (3-кесте).

Кесте 3 – Мектепке даярлықты онлайн-диагностикалау құралдарының тиімділік көрсеткіштері

Диагностикалық құралдар	Сарапшылардың шкала бойынша бағалаулары				Шкалалау нәтижелері	Ранг реті
	өте оңтайлы	қолдануға қолайлы	пайдалануға жарамды	қолайсыз		
Керн-Йирасек тесті	х	25%	50%	25%	50	5
Графикалық диктант	х	25%	75%	х	56,2	4
4-артық	100%	х	х	х	100	1
Балпалдақтар тесті	х	75%	25%	х	68,7	3
Корректуралық байқау тесті	х	25%	75%	х	56,2	4
Дыбысты жасырынбақ	х	100%	х	х	75	2
Коммуникативті қабілеттің дамуы сауалнамасы	100%	х	х	х	100	1
Нежнованың стандартты сұхбаты тесті	100%	х	х	х	100	1
Орташа мән	37,5%	31,2%	28,1%	3,1%	х	х

Мысалы, «Керн-Йирасек тесті» бойынша 3 сарапшы (25%) «қолдануға қолайлы» деп, 6 сарапшы (50%) «пайдалануға жарамды» деп және 3 сарапшы (25%) «қолайсыз» деп бағалаған; «өте оңтайлы» шкаласы бойынша – 0. Кестенің «шкалалау нәтижелері» бағанында коэффициент формуласы бойынша есептелген сараптық бағалау нәтижелері берілді; «ранг реті» бағанасында диагностикалық құралдардың тиімділік дәрежелері көрсетілді (кестедегі «х» таңбалары бос кеңістік дегенді білдіреді).

3-кестенің «Шкалалау нәтижелері» бағанындағы нәтижелердің дәрежелері төмендегі коэффициент формуласы бойынша есептелді: $K_4 * N + K_3 * N + K_2 * N + K_1 * N = N / 4$. Мұндағы K_4, K_3, K_2, K_1 – бағалау шкалаларына сәйкес коэффициент көбейтінділері; N – шкалалау көрсеткіштері.

Мектепке даярлықты онлайн-диагностикалау құралдарының тиімділік көрсеткіштері:

$$1) \text{ «Керн-Йирасек тесті»: } 3 \times 25 + 2 \times 50 + 1 \times 25 = 75 + 100 + 25 = 200 / 4 = 50$$

$$2) \text{ «Графикалық диктант» әдістемесі: } 3 \times 25 + 2 \times 75 = 75 + 150 = 225 / 4 = 56,25$$

- 3) «4-артық» әдістемесі: $4 \times 100 = 400 / 4 = 100$
- 4) «Балпалдақтар» тесті: $3 \times 75 + 2 \times 25 = 225 + 50 = 275 / 4 = 68,75$
- 5) «Корректорлық байқау» тесті: $3 \times 25 + 2 \times 75 = 75 + 150 = 225 / 4 = 56,25$
- 6) «Дыбысты жасырынбақ»: $3 \times 100 = 300 / 4 = 75$
- 7) «Коммуникативті қабілеттің дамуы» сауалнамасы: $4 \times 100 = 400 / 4 = 100$
- 8) «Нежнованың стандартты сұхбаты» тесті: $4 \times 100 = 400 / 4 = 100$

Ранг реті бойынша алғашқы үштікті иеленген әдістемелер тиімді болып табылады. Демек, 3-кесте деректеріне сәйкес «4-артық», «Коммуникативті қабілеттің дамуы сауалнамасы», «Нежнованың стандартты сұхбаты тесті», «Дыбысты жасырынбақ», «Балпалдақтар тесті» әдістемелері мектепке даярлық диагностикасын сандық форматқа ауыстыру үрдісінде жарамды болып табылады; ал «Керн-Йирасек тесті», «Графикалық диктант», «Корректорлық байқау тесті» әдістемелері компьютерлік диагностикаға бейімдеуді қажет етеді.

Мектепке даярлық диагностикасын сандық форматқа ауыстыру үрдісін зерттеудің үшінші кезеңінде, жоғарыда берілген диагностикалық құралдарды «I-psychodiagnostics.kz» Smart-платформасында тексеру үшін, білім беру саласындағы сандық-психологиялық өлшеулер бағытындағы зерттеу материалдарына шолу жасалынды. Мұндағы мақсат – балалардың мектепке даярлықтарының деңгейлерін тексеру үрдісінде компьютерлік диагностиканың артықшылықтары мен шектеулерін анықтау. Ол үшін компьютерлік бағдарламалардың интерфейсі, тұтынушылардың бағдарламаларды қолдану ерекшеліктері, деректерді автоматты түрде өңдеу алгоритмі, нәтижелерді сапалық жағынан түсіндіру және сыналушыға кері байланыс беру тұрғысынан талдауларды қарастыру көзделеді.

Психологиялық диагностиканың заманауи компьютерлік жүйелерін ашуға арналған зерттеуде қазіргі уақытта көптеген компьютерлік психодиагностикалық жүйелердің бар екені және оларды бірнеше топтарға бөлуге болатыны атап көрсетіле отырып, оның келесі критерийлері беріледі: жүйе құрамындағы әдістемелер саны және әдістерді өзгерту мүмкіндігі. Алғашқы критерий негізінде «бір өлшемді» және «көп өлшемді» жүйелерді ажырату ұсыныла келе, оларға түсініктеме беріледі: «бір өлшемді» жүйелер компьютерлік психодиагностиканы бір тестік әдістеме арқылы жүргізуге арналған; ал «көп өлшемді» жүйелер бірнеше әдістерді қамтиды (Mel' nichuk and Sergeev, 2021).

Балалардың мектепке даярлығын компьютерлік диагностикалау үрдісінде «көп өлшемді» жүйені қолданған жөн, өйткені кешенді тексеру тұлғалық-психологиялық факторлардан бастап, мектепте оқуға қажетті жазу-сызу икемділігін айғақтайтын қол саусақтарының нәзік қимылдарына дейін өлшеуге арналады. Сондықтан, онлайн-диагностика уақытын сыналушылардың жас ерекшеліктеріне сай анықтай отырып, жоғарыда берілген 8 әдістемеден тұратын көпөлшемді жүйе құру ұсынылады. Ал сынақты екіге бөліп тапсыру – яғни 2 сериялы диагностика жоспарланғаны жөн. Берілген мақала

аясында, мектепке даярлық диагностикасын сандық форматқа ауыстыру үрдісін зерттеудің үшінші кезеңі педагогикалық-психологиялық тұрғыда қарастырылды. Онлайн-диагностика құралдарын «I-psychodiagnostics.kz» Smart-платформасында тексеру үшін арнайы ақпараттық бағдарламалау жұмыстарын жүргізу көзделеді.

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Мектепке даярлық диагностикасын сандық форматқа ауыстыру үрдісін зерттеу барысы үш өлшемде жүзеге асырылды: ата-аналардың онлайн-диагностикаға қатынасы; балалардың даярлық деңгейлерін онлайн-диагностикалау; диагностикалық құралдарды онлайн қолдану тиімділігі және сандық форматқа көшу мүмкіндіктері мен мәселелері. Балалардың мектепке даярлық деңгейлерін диагностикалау үрдісін қашықтықтан ұйымдастыру ата-аналардың қатысуымен жүзеге асырылатындықтан, мәселеге олардың қатынасын анықтау аса маңызды болып табылады. Сондықтан, экспериментке қатысқан үш білім беру ұйымындағы бес мектепалды сынып балаларының ата-аналарымен ашық сұхбат жүргізілді. Сынаққа қамтылған 131 баланың ата-аналарынан 117 адам қатысқан сұхбат нәтижесінде, олардың тең жартысының онлайн-диагностиканы құптайтындары (52 %) және қарсы еместердің мөлшері 14 % («айырмашылықтың болмауы» параметрі) құрайтыны анықталды. Екеуінің қосындысы 66 % болған күнде, бұл – сыналушылардың үштен бірі екенін тұжырымдайды. Ал қалған 34 % ішінен жауап беруге қиналған 11 % (13 ата-ана) себебін анықтағанда, балалардың қабілеттерін қашықтықтан бағалап-тексеруді ұйымдастыру мәселелері – атап айтқанда интернет, гаджет, өтетін орын, баланың тұрып кетпей, сынақтық соңына дейін отыруын қадағалау әлі жеткілікті ойластырылмағандықтан, белгілі бір күрделіліктер тудыратынын алға тартты. Бұл категориямен тиісті түсіндіру жұмыстары уақтылы жүргізілген жағдайда, оларды онлайн-диагностиканы жақтаушылар қатарына шығару әбден мүмкін.

Мектепке даярлық деңгейін диагностикалау үрдісін қашықтықтан ұйымдастыруға қарсылық танытқан 23 % сыналушылар түсініктері онлайн-диагностика мүмкіндіктеріне сенімсіздік, әлі тұрақталмаған болжалды жұмыстардың шикілігі болуы мүмкін деген қауіп және баланы экспериментке қатыстыруды құптамау себептері екені белгілі болды. Педагогтардың бақылауларына жүгіну нәтижесінде, бұл ата-аналардың балаларында зейінді шоғырландыру, сөйлеу, заттарды ұқсас белгілеріне сәйкес топтастыру және санау дағдылары бойынша, құрдастарына қарағанда аздаған кідірістер бар екені анықталды. Мұндай объективті себептермен жұмыс жасап, күмән-күдіктерді сейілту үшін, мектепалды даярлық сыныптарының ата-аналар жиналыстарында, сыналушыларға балалардың мектепке қабылдануына онлайн-диагностиканың әсері болмайтыны және эксперименттің ғылыми-әдістемелік мақсаты туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Дегенмен, осы жағдайға байланысты, эксперимент жиынының едәуір селдірегені мәлім болды.

Онлайн-сынақты жүзеге асыру нәтижесінде, мектепке даярлық деңгейі бойынша алынған мәліметтерді сынып педагогтарының мониторинг нәтижелерімен салыстырғанда, олардың өзара сәйкестігі жоғары көрсеткішті (92 %) құрады. Бұл – балалардың мектепке даярлық деңгейін диагностикалау үрдісін қашықтықтан ұйымдастырудың сәтті өткенінің белгісі.

Зерттеудің негізгі міндеттерінің қатарында мектепке даярлық диагностикасын сандық форматқа ауыстыру мәселесі жатқандықтан, өлшеу құралдарының тиімділігін анықтау басты назарда болды. Бұл – «I-psychodiagnosics.kz» Smart-платформасын құру барысында аса қажет ақпарат және бағдарламалық қамтамасыз ету болғандықтан, диагностикалық құралдардың тиімділігін анықтау жұмыстарына мамандар тартылды. Олар сынақ барысын бақылау нәтижесінде, әдістемелерді онлайн-қолдану қолайлылығын анықтап «4-артық», «Коммуникативті қабілеттің дамуы сауалнамасы», «Нежнованың стандартты сұхбаты тесті» әдістемелерін қолдануды өте оңтайлы деп таныды. Сарапшылардың анықтауынша, бұл әдістемелердің оңтайлылығы – балалармен ауызша сұхбаттасу арқылы өтетініне байланысты. «Дыбысты жасырынбақ» және «Балпалдақтар тесті» әдістемелері қолдануға қолайлы деп танылды; және оның себебі тапсырмалардың ауызша өтетіні, жеңіл әрі қызықты болуына орай деп тұжырымдалды. «Корректуралық байқау тесті» мен «Графикалық диктант» әдістемелерінің пайдалануға жарамды деп анықталу себебі – олардың дәстүрлі диагностика кезіндегі валидтілігі жоғары болғанымен, компьютерлік диагностика барысында бейнекамераны дер кезінде баланың жемісті әрекетіне бағыттау; нәтижені өңдеудің автоматтандырылмауы салдарынан, әр сыналушының жұмысын суретке түсіру, оқу және қателерді талдау жұмыстарының уақыт алатындығына байланысты. «Керн-Йирасек тесті» әдістемесінің «сандық форматта қолдануға қолайсыз» деп анықталуы – оның 3 сериядан тұратындығына орай, жеке өткізілуі қажеттігі және нәтижелерді өңдеуді автоматтандыру үшін, компьютерлік диагностикаға бейімдеу керектігінде. Аталған құралдарды сандық диагностикалауға қолдану тиімділігі ақпараттық-бағдарламалау шешімдері болғандықтан, педагогикалық-психологиялық зерттеу қорытындылары тиісті деректерді мамандарға ұсынылды.

Мектепке даярлық диагностикасын сандық форматқа ауыстыру үдерісін талдау қазіргі білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформацияның маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижелері дәстүрлі қағаз негізіндегі диагностикалық әдістемелердің бірқатар шектеулерін көрсетіп, цифрлық форматтың тиімділігін айқындауға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, сандық диагностикалық құралдар деректерді жинау, өңдеу және интерпретациялау үдерістерін жеделдетіп, нәтижелердің объективтілігі мен нақтылығын арттырады. Талдау барысында мектепке дейінгі жастағы балалардың когнитивтік, эмоционалдық-ерік және әлеуметтік дағдыларын бағалауда қолданылған цифрлық диагностикалық платформалардың

функционалдык мүмкіндіктері қарастырылды. Нәтижелер цифрлық форматтағы тапсырмалардың балалардың қызығушылығын арттырып, диагностикаға қатысу мотивациясын күшейтетінін көрсетті. Бұл жағдай ойын элементтерінің, визуалды стимулдардың және интерактивті кері байланыстың болуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, цифрлық диагностика барысында баланың әрекет уақыты, жауап беру жылдамдығы және қателік динамикасы сияқты қосымша көрсеткіштерді тіркеу мүмкіндігі пайда болды, бұл психологиялық талдаудың тереңдігін арттырады. Зерттеу деректері педагогтар мен психологтардың цифрлық диагностикаға қатысты көзқарастарының біртіндеп оң бағытта өзгеріп келе жатқанын көрсетті. Дегенмен, талдау нәтижелері сандық форматқа көшу барысында бірқатар қиындықтардың бар екенін де айқындайды. Олардың қатарында педагогтардың цифрлық құзыреттіліктерінің жеткіліксіздігі, техникалық инфрақұрылымның барлық жерде бірдей дами бермеуі және ата-аналардың сандық диагностикаға деген сенімділік дәрежелерінің әртүрлілігі байқалады. Осы аталған факторлар бастауыш білім беру ұйымдарына цифрлық диагностиканы енгізу үрдісінің институционалдык және психологиялық аспектілерін ескеру маңызын танытады.

Талдау нәтижелері, сондай-ақ, цифрлық форматтағы мектепке даярлық диагностикасының инклюзивті әлеуетін айқындайды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін тапсырмаларды бейімдеу, оларды орындау барысында жеке қарқынды (баяу-шапшаң) ескеру және алынған нәтижелерді автоматты түрде бейнелеу мүмкіндіктері диагностикалық үрдістің қолжетімділігін кеңейтеді. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық диагностика баланың жеке даму траекториясын ерте бастан анықтауға және мектепке даярлық пен бейімделу тәуекелдерін алдын-ала болжауға кең жағдай туғызады. Жалпы алғанда, зерттеу барысында алынған нәтижелерді талдау барысы, балалардың мектепке даярлық деңгейін диагностикалау үрдісін цифрлық форматқа көшірудің, заманауи білім беру жүйесі сапасын арттыруға бағдарланған стратегиялық қадам екенін дәлелдейді. Бұл үрдіс тек технологиялық жаңғыру ғана болып қоймайды, сонымен бірге әдістемелік-педагогикалық және қолданбалы-психологиялық тәсілдерді қайта қарауды талап ететін кешенді трансформациялық тетік ретінде сипатталады.

Қорытынды. Ақпараттық қоғам талаптарына сәйкес, білім беру үрдісі сандық форматқа көшіріліп жатқан тұста, балалардың мектепке даярлығын диагностикалау үрдісін де қашықтықтан ұйымдастыру маңызы зор. Ол, біріншіден, ата-аналардың жұмысбастылығына орай, уақыт факторы мәселесіне оңтайлы әсер ететін болса, екіншіден, білім беру ұйымдарының педагог-психологтарының сынақ нәтижелерін өңдеу қызметін жеңілдетіп, ал үшіншіден, балалардың психологиялық еркіндігіне тиімді ықпал ететіні тұжырымдалды. Балалардың жаңа әлеуметтік ортаға ену және бейімделу үрдісіне қажетті талаптарды қаншалықты меңгергендіктерін бағалауды сандық форматта, кешенді түрде ұйымдастыру нәтижесінде бірқатар тұжырымдар негізделді:

1) мектепке даярлық диагностикасын сандық форматқа ауыстырудың алғашқы кезеңінде білім беру ұйымдарының ата-аналармен ынтымақтастықта әрекет ету маңызы жоғары; сондықтан отбасы қолдауына сүйену үшін, мектепалды даярлық сыныптарының педагогтары және білім беру ұйымдарының психологтары әкімшілікпен бірге, ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізіп, оларды онлайн-диагностикаға дайындаулары қажет; ата-аналар балаларды интернет, компьютер, камера, микрофон, жарық әсерлеріне байланысты тосырқаймайтындай жаттықтыруды қамтамасыз етумен қатар, олардың алаңдамай, тестік тапсырмаларды мұқият орындауларын қадағалау жауапкершілігін көтере отырып, тестілеу барысына орынсыз араласпау жағына да назар аударғанда, сыналушылардың нәтижелерінің объективті болары анық;

2) балалардың мектепке даярлық деңгейлерін диагностикалау барысында аса маңызды болып табылатын «мектепалды дағдарысының» өтуін бақылау үрдісінде отбасының көмегіне сүйену үшін, ата-аналарды оның негізгі белгілерімен таныстыру; жазуды меңгеру алғышарты болып табылатын қолдың ұсақ моторикасын дамыту және дәптер парағының бетіндегі кеңістікті бағдарлау мәселелеріне жаттықтыруға ата-аналарды да жұмылдыру арқылы, балалардың нәтижелері артуы ықтимал;

3) балалардың мектепке даярлық деңгейлерін кешенді диагностикалаудың дәстүрлі үрдісінде қолданылатын әдістемелерді, қашықтықтан бағалау кезінде қолданғанда, онлайн-диагностика екі серияда ұйымдастырылды; бұл балалар үшін де, олардың ата-аналары үшін де қолайсыз фактор болғандықтан, зерттеу нәтижесінде әдістемелердің санын қысқарту ұсынылады; тестік батареяларды сандық форматта қолдану барысында төмен тиімділік танытқан әдістемелердің балама нұсқаларын табу; зерттеу нәтижелерін өңдеуді автоматтандыру.

Мектепке даярлық деңгейін онлайн-диагностикалау барысында қосалқы қолайсыздықтарды барынша жоя келе, ата-аналарды үрдісті бақылауға жұмылдыра отырып, әрі баланың дербестігін қамтамасыз ету, сынаққа орынсыз араласпау сынды адами факторлармен қатар, компьютерлік диагностика әлеуетін арттыру үшін бағдарламалық жабдықталуды қолға алу жағдайларын зерттеу перспективаларын міндеттейді. Жалпы, зерттеу онлайн-диагностиканың балалардың мектепке даярлық деңгейін анықтаудағы практикалық әлеуетін дәлелдеді. Дегенмен, бастауыш білім беру ұйымдарында мектепке даярлық диагностикасын цифрлық форматқа көшіру үрдісінің технологиялық жаңғырудан тыс, әдістемелік-педагогикалық және қолданбалы-психологиялық трансформацияны талап ететіні анық. Сондықтан, алдағы уақытта – болашақ зерттеулерде әдістемелерді автоматтандыру, инклюзивті диагностиканы дамыту және ұлттық деңгейде цифрлық диагностикалық платформаларды қалыптастыру сынды өзекті мәселелерге назар аудару ұсынылады.

References

- Blum D., Holling H. (2018) Automatic generation of figural analogies with the Imac package. *Frontiers in Psychology*. — №9. — P. 1-13. <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/30127757/> (in English)
- Gned'y'h D.S. (2019) Distancionnaya komp'yuternaya psixodiagnostika poznavatel'noj sfery' uchashhixsya: problemy' i perspektivy' [Remote computer psychodiagnostics has a positive sphere: problems and prospects]. *Psychology and pedagogy of education*. Moskva. — №2. — P. 141-152. <https://znanium.ru/read?id=376331> (in Russian)
- Gokhan K., Sezai K. (2014) Examining School Readiness of Preschool Children with Different Cognitive Style. *Education and Science*, V. 39 (175). — P. 14-26. (in English)
- Eshmuratova L. (2023). Characteristics of diagnosing children's readiness to study at school. *American Journal of Pedagogical and Educational Research*, V. 12. — P. 1-4. <https://americanjournal.org/index.php/ajper/article/view/765> (in English)
- Zaporozhecz A.V. (2000) Psixologiya dejstviya [Psychology of activity]. Moskva: «MODE'K». — 731p. ISBN 5-89502-104-2 (in Russian)
- Kalajkova Yu.V. (2020) Osobennosti psixologicheskoy diagnostiki v virtual'noj obrazovatel'noj srede [The specificity of psychological diagnostics in the virtual educational environment]. *Information and education: the boundaries of communication INFO*. Gorno-Altaysk. — №12. — P. 34-35. (in Russian)
- Lisina M.I. (2009) Formirovanie lichnosti rebenka v obshhenii [Formation of the personality of a child in society]. St. Petersburg: "Peter". — 425 p. ISBN 978-5-388-00493-2 (in Russian)
- Mektepke dejingi tərbiye men oky'tudy'ñ ylgilik oqu bardarlamasy' (2022) [Standard curriculum of preschool education and training]. Order of the minister of education and science № 422. Astana <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235> (in Kazakh)
- Mel'nichuk A.S., Sergeev V.A. (2021) Sovremennyy'e komp'yuternyy'e sistemy' psixologicheskoy diagnostiki [Modern computer systems of psychological diagnostics]. URL: <https://psycho.ru/library/93> (in Russian)
- Nestik T.A. (2017) Razvitie cifrovyy'x texnologij i budushhee psixologii [The development of digital technologies and the future of psychology]. *Bulletin of the Moscow State Regional University, series "Psychological Sciences"*. — №3. — P. 6-15. (in Russian)
- Ovechkina E.A. (2021) Osobennosti psixologo-pedagogicheskoy onlajn-diagnostiki gotovnosti k shkol'nomu obucheniyu [The peculiarity of psychological and pedagogical online diagnostics is the need for school]. *Digital humanities and technologies in education: collection of articles of the II All-Russian Scientific and Practical Conference with International participation*. Moskva: FGBOU VO MGPPU. — P. 681-688. (in Russian)
- Ospanbaeva M.P. (2009) Mektepke psixologiyaly'k dayarly'k diagnostikasy' [Diagnosis of psychological readiness for school]. Taraz: "Taraz State Pedagogical Institute". — 129 p. ISBN 9965-780-52-8 <https://kazneb.kz/ru/catalogue/view/1533532> (in Kazakh)
- Papadopoulos T., Das J. (2002) Assessment of attention in school children: Teachers' ratings related to tests of attention. *European Journal of Special Needs Education*, V. 17 (1). — P. 15-32. (in English)
- Revell W. (2017). *Psych: Procedures for Personality and Psychological Research*. Northwestern University <https://CRAN.R-project.org/package=psych> (in English)
- Sabanin P.V. (2014) Individual'naya i gruppovaya psixodiagnostika s pomoshh'yu komp'yuternyy'x diagnosticheskix programm [Individual and group psychodiagnostics with computer diagnostic programs]. *Nauka: My'sl'*. — №12. — P. 40-45. (in Russian)
- Toqaev Q.K. (2024) Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, е'konomikaly'k өсім, қоғамды'k optimizm. ҚР Президентінің халы'ққа zholdauy' [Fair Kazakhstan: law and order, economic growth, public optimism]. Astana. — 11 p. <https://kaz.tengrinews.kz/article/prezidenttn-kazakstan-halkyina-joldauyi-2024-tolyik-matn-1272/> (in Kazakh)
- Uruntaeva G.A., Afon'kina Yu.A. (1995) Praktikum po detskoj psixologii [Practice on child psychology]. Moskva: «VLADOS». — 291 p. ISBN 5-09-006457-1 (in Russian)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Ответственный редактор **А. Ботанкызы**

Редакторы: **Д.С. Аленов, Т. Апендиев**

Верстка на компьютере: **Г.Д. Жадырановой**

Подписано в печать 27.02.2026.

46,0 п.л. Заказ 1.